

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КОМИТЕТ НАУКИ  
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМ. Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА  
АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. К. ЖУБАНОВА



**«РЕСЕЙ ВАССАЛИТЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ:  
ДАЛА ЭЛИТАСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ»**  
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
материалдарының жинағы

*28 қыркүйек 2022 ж.*

Сборник материалов  
Международной научно-практической конференции  
**«КАЗАХСКАЯ СТЕПЬ ПОД РОССИЙСКИМ ВАССАЛИТЕТОМ:  
ИСТОРИЯ И СУДЬБЫ СТЕПНОЙ ЭЛИТЫ»**

*28 сентября 2022 г.*

Алматы, 2022

**УДК 94 (574)**  
**ББК 63.3. (5Каз)**  
**К 14**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесімен (2022 жылғы 13 қазандағы № 8 хаттама) баспаға ұсынылған.

Рекомендовано к печати Ученым советом Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (протокол № 8 от 13 октября 2022 г.).

**Редакциялық алқа:**

З.Е. Қабылдинов, Г.Б. Избасарова, К.В. Жұмағалиева, Е.М. Өжкенов, Ғ.А. Шотанова

**Жауапты редактор:**

Ғ.А. Шотанова

**Құрастырушы:**

М.Т. Морякова

**Рецензенттер:**

М.Ж. Абдиров, А. Тоқсанбаев, Б.Н. Жүзтаева

**К 14 «РЕСЕЙ ВАССАЛИТЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ: ДАЛА ЭЛИТАСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ»** атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2022. – 132 б.

**К 14** Сборник материалов Международной научно-практической конференции «КАЗАХСКАЯ СТЕПЬ ПОД РОССИЙСКИМ ВАССАЛИТЕТОМ: ИСТОРИЯ И СУДЬБЫ СТЕПНОЙ ЭЛИТЫ». – Алматы, 2022 г. – 132 с.

**ISBN 978-601-7342-73-9**

В сборнике представлены материалы Международной научно-практической конференции «Казахская степь под российским вассалитетом: история и судьбы степной элиты» в которых освещаются и анализируются различные проблемы истории Казахстана в колониальный период. В докладах участников конференции раскрываются малоизученные вопросы деятельности степной элиты Казахстана, но преимущественно Младшего жуза, вводятся в научный оборот новые сведения.

Конференция проведена в рамках реализации проекта грантового финансирования КН МНиВО ИРН АР08855800 «Политические портреты лидеров Младшего жуза в XVIII – I половины XIX веков в отечественной и зарубежной историографии».

Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции. За достоверность предоставленных материалов ответственность несут авторы. При перепечатке материалов ссылка на данное издание обязательна.

**ISBN 978-601-7342-73-9**

**УДК 94 (574)**  
**ББК 63.3. (5Каз)**  
**К 14**

© ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты, 2022.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Сборник научных докладов подготовлен по итогам Международной научно-практической конференции «Казахская степь под российским вассалитетом: история и судьбы степной элиты» организованной Институтом истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова Комитета науки МНиВО РК совместно с Актюбинским региональным университетом имени К. Жубанова.

История любого народа неразрывно связана с теми личностями, которые в разное время оставили яркий след в его судьбе. Говорят, что каждый человек является продуктом своей эпохи. Однако значительность любой исторической личности измеряется, прежде всего, ее мудростью, умением смотреть далеко вперед и степенью причастности к судьбе собственного народа и Отечества.

Исследовательский интерес среди отечественных и зарубежных историков к Казахстану периода Российской империи и ее традиционной элите не случаен. Он вызван важностью роли взаимоотношений центральной власти и периферийных элит, одной из которых являлась традиционная казахская, определявших степень интеграции разных традиций в рамках имперской культуры. Своеобразие традиционного казахского общества и его элиты по сравнению с другими периферийными обществами и региональными элитами Российской империи также стало одной из причин внимания современных ученых.

Степная элита как феномен в истории Великой Степи не раз становилось объектом научного познания, однако эти исследования носили дискретный характер, отсюда интерес к научному осмыслению данного феномена. Степные властители всегда рассматривались через призму каких-либо идеологий, что усложняло восприятие исторической реальности той или иной эпохи.

Ханы, султаны, батыры и другие представители степной элиты, в разное время определявшие общий ход исторических процессов, должны быть как можно шире представлены в научной литературе. Их личности, характер, значимость для определенной исторической эпохи нуждаются в объективном освещении.

Проведение Международной научно-практической конференции поможет раскрыть основные точки зрения участников, осветить ранее неизвестные факты и материалы, а также сформировать единое представление и концепт по данной проблеме. Выявление проблемных точек зрения позволит лучше понять и реконструировать ход важнейших исторических событий и процессов, таких, например, как вхождение Казахстана в состав Российской империи, общую канву национальных движений и восстаний, переосмыслить значение ряда известных личностей.

Конференция проведена в рамках проекта ИРН АР08855800 «Политические портреты лидеров Младшего жуза в XVIII- I половине XIX вв. в отечественной и зарубежной историографии».

***З.Е. Кабульдинов***

*директор Института истории и этнологии  
им. Ч.Ч. Валиханова, чл.-корр. НАН РК,  
доктор исторических наук, профессор*

қазақ болыстары «бай», «бұрынғы болыс» деп айдар тағылып, мал-мүлкі тәркіленіп қудаланды.

Мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БҒМ) гранты негізіндегі №АР09259029 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру аясында жазылды.

#### **Әдебиеттер мен деректер:**

1 Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1. – Алма-Ата, 1960. – 441 с.

2 Институт волостных в системе управления Казахской степью (XIX – начало XX вв.): монография в документах / сост.: Г. С. Султангалиева, Т. Т. Далаева, Б. У. Маликов, У. Тулешова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 396 с.

3 Алға ауданына жасалған экспедиция материалдары. Информатор Айшуақ Дәрменұлы.

4 Султангалиева Г. С. История Актюбинского уезда (1869-1917) / Г. С. Султангалиева. – Ақтобе, 2005. – 264 с.

5 Ырғыз ауданына жасалған экспедиция материалдары. Информатор Бекарыстан Мырзабайұлы.

*Сейітбекова А.А.*

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Тіл тарихы және диалектология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,  
филология ғылымдарының кандидаты*

*Тургенбаева А.Ш.*

*әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті,  
аға оқытушы, PhD докторант*

*Тлеубаева Н.Д.*

*әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті,  
оқытушы, PhD докторант*

### **XV-XVIII ғғ. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ (жыраулар поэзиясындағы туыстық атаулар негізінде)**

*Жырдың «формульдық стилистикасының», «формульдық грамматикасының» лексика-семантикалық заңдылықтарын және ауызша дәстүрлі көркемдік жүйесін, сонымен қатар өлең жолдарындағы тұрақты лексикалық компоненттерді жүйелеп, талдаудың маңыздылығы зор. Ол үшін XV-XVIII ғасырлардағы қазақ жырауларының поэтикалық тілінің бүкіл корпусын лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру қажет. Бұл жыраулардың қолданған функционалды-семантикалық, формульдық-грамматикалық және стилистикалық заңдылықтарын, сондай-ақ қандай да формульдық модельдің ауызша-стильдік әдістері мен тәсілдерін талдауға және XV–XVIII ғасырлардағы нақты бір әдеби дәуірдің тілдік процестері мен ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты – қазақтың дәстүрлі ауызша эпикалық мәдениетінің көркем-анықтамалық жүйесін талдау болды: поэтиканың лексикалық-грамматикалық және құрылымдық-семантикалық формалары: әлеуметтік, этногенетикалық, отбасылық қатынастарды бейнелейтін туыстық терминдер. Зерттеу барысында «қарындас» тірек концептінің аясындағы туыстық атаулар үш типке бөліп қарастырылды: жеке-тұлғалық қатынастағы туыстық атаулар; тіркестіру арқылы*

қолданылған туыстық атаулар; өзара параллелизмдерге құрылған туыстық атаулар. Зерттеудің құрылымдық-семантикалық, функциональдік-стильдік әдістері негізінде XV–XVIII ғасырлардағы көркем мәтіндегі лексикалық бірліктердің эпикалық формулалар, дыбыстық, буындық, лексикалық анафоралар және эпифораға, редишке, параллелизмдерге құрылған формульдық құрылымдар мен басқа да көркемдеуіш құралдар анықталды.

Аталмыш мақала көрнекті эпостанушы Едіге Дәріғұлұлы Тұрсыновтың 80 жылдығына арналады.

Аталмыш мақала «XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясының көркемдік-анықтама жүйесі», «формульдық стилистика» және «формульдық грамматиканың» кешенді аналитикалық зерттеуі» гранттық жобаның аясында әзірленген.

XV–XVIII ғғ. жыраулардың поэтикалық сөз мәдениеті мен сөз үлгілеріне қатысты ғылыми зерттеулердің бастауы Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Р. Сыздық, Қ. Өмірәлиев, С. Негимовтің есімдерімен байланысты болса, одан кейін С.А. Толыбаев, Қ. Жанабаев, Н. Шаймерденова т.б. ғалымдардың зерттеулерімен толықты. Жыраулар толғауларының мазмұны ел болуға, әсіресе сол кезеңдегі қоғамдық мәселелерге құрылғандықтан, оның ішінде туыстық қатынастарды бейнелейтін лексикалық бірліктердің, сөз оралымдардың болуы да заңды. Жыраулар тіліндегі туыстық атаулар қазақ халқының әлеуметтік, этногенетикалық құрылымынан хабар беретін лексикалық топ. Жыраулардың толғауларында ағайын арасындағы туыстық қатынастың тұрақты моделін құруға, реттеуге бағытталған ақыл-өсиет мәніндегі ерекше сөз қолданыстарының кейбірі бүгінге дейін штамп тіркес ретінде, мақал-мәтелдер құрамында көрініс табады. Осыған орай жыраулар тіліндегі туыстық атаулардың тұрақты лексикалық компонент құрауын, формульдық стилистикасын, грамматикасын, көркемдік жүйесін талдаудың маңыздылығы зор.

Жыраулар тілінің көркемдік жүйесі мен өлең тармақтарындағы ұйқас заңдылығы бірден пайда болған жоқ, қазақтың өте ертеден келе жатқан сөз өнерінде орхон жазуларынан және Махмұд Қашқаридің еңбектерінен бастау алатыны жайында отандық ғалымдардан Қ. Өмірәлиевтің «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (*Өмірәлиев Қ.*), И.В. Стеблеваның «Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии» еңбектерінде зерттелген (*Стеблева И.В.*). Баршамызға белгілі «Қазақ әдеби тілінің тарихын» арнайы зерттеген академик Р. Сыздық та аталмыш кезеңдердегі көне лексикалық қолданыстарын, ұйқас құрайтын жұрнақтардың қызметін талдайды (*Сыздық Р.*). Сондай-ақ Ж. Бектуров еңбегінде көшпенді ақындардың өлеңдерінде өзара ұқсас бастау, кіріспе, риторикалық сауалдар, лепті көтермелер, дәстүрлі теңеу, салыстырулар болғанмен, соның өзі индивидтік таланттың, оның күші мен қиялының көріне бастағандығын атап көрсетеді (*Бектуров Ж.*). Ауызша тілінің теориясын зерттеген шетел ғалымы А. Б. Лорд поэтикадағы осындай барлық әдістер мен тәсілдердің жиынтығын «формульдық грамматика» деп атайды (*Лорд А.Б.*). Сондықтан жыраулардың поэтикалық сөз үлгілеріндегі туыстық атаулардың қолданысының көркемдік жүйесін, формульдық грамматикасын талдауда Қ. Өмірәлиев, Р. Сыздыкова, Қ. Жанабаев, Б. Адамбаев, И.В. Стеблева, А.Б. Лордтың ауызша теориясының әдістері, L. Dousset, R. Tonkinson, R. Fox, L. Morgan туыстық қатынастар жайында жазылған еңбектері басшылыққа алынды. Зерттеудің лингвостатистикалық, функционалдық-семантикалық талдау әдістері қолданылады.

XV–XVIII ғғ. жырауларының басты тақырыбы елді сыртқы жаулардан қорғау заманы және қазақ халқының күн көріс тіршілігі мал шаруашылығына байланысты болғандықтан, лексиканың дені жаугершілікке, төрт түлікке, табиғат құбылыстарына қатысты болып келетіні белгілі. Осы тақырыптарға арналған сөздер жыраулар тілінде образ құрауға, семантикалық, логикалық екпін түсіруге, т.б. көркемдеуіш-бейнелуіш құралдар ретінде қолдануға жұмсалған. Ал зерттеу нысанымызға алынған туыстық атаулардың жыраулар тіліндегі семантикалық қолданысы туралы кейбір ғылыми еңбектерде ара-тура айтылса да, олардың поэтикалық қолданысына қатысты зерттеулер арналмаған. Әлеуметтік, туыстық қатынастарға қатысты Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденованың әзірлеген

«Әлеуметтік лингвистикалық сөздігі», М.Ш. Сарыбаеваның «Туыстықты ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде белгілеу жүйесі», т.б. еңбектер біздің жұмысымызға арқау болды.

Ұлттық-мәдени лексиканың ең айқын белгілері әлемнің барлық тілдерінде ежелгі болып табылатын лексикалық-семантикалық топтардың ішінде «туыстық терминдерде» көрінеді, өйткені отбасының әлеуметтік институты, адамзат қоғамындағы отбасылық өмір салты рулар дәуірінде қалыптасты (*Vaxutova T.*). Туыстық қатынас – әлеуметтік және ментальдік реалийдің ең үлкен өрісі (*Dousset*). Туыстық терминдер салыстырмалы түрде тұрақты және ертеректегі қолданысынан ақпарат береді (*Tonkinson*). Туыстық жүйе көбінесе қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеудің қайнар көзі бола алады (*Fox*). Осыған орай XV–XVIII ғғ. жыраулар тілінде қоғамдық қатынасты реттеу моделі өзара туыстық қатынастардан бастау алады. Сондықтан әр жыраудың жыл жолдарында туыстық қатынастарды білдіретін атаулар міндетті түрде кездесіп отырады.

Жыраулар тілінде *абысын, ағайын, алғаным, ата, әке, бала, баба, шеше, бәйбіше, бикеш, ене, жар, жеңге, зайып, келін, келіншек, кенже, күйеу, қарындас, қатын, құда, қосағың, қыз, туған, ұл, шеше, іні* т.б. туыстық атаулар жиі қолданылатын белсенді лексикалық элементтер болып есептеледі. Жыраулар толғаған туыстықты бейнелейтін сөз орамдары сол кездеңдегі хан мен сұлтандарға қарата айтылғанмен, жалпы қалың жұртышылыққа, болашақ ұрпаққа бағытталған дидактикалық сарындағы жырлар. Оларды мазмұны тұрғысынан толғау, арнау, үндеу, мақтау, болжау, қоштасу, өсиет, нақыл сөз деген сияқты жанрларға бөлінеді.

Біздің есептеуіміз бойынша жыраулар тілінде 30-ға жуық (қайталауларын есептемегенде) туыстық атаулар бар. Туыстық атаулар, негізінен, көнеден келе жатқан өзіміздің төл сөздеріміз. Жыраулар тілінде *тума, туысқан* мәніндегі «қарындас» сөзінен басқасы қазіргі тілімізде қолданылатын сөздер. *Қарындас* сөзінің о баста «бір құрсақтан (*қарын* сөзінің «құрсақ» мағынасы да болған) шыққан аға-іні, қарындас, сіңлі» деген нақты мағынаны бергені оның жалпы туыс, рулас, жұрттас» мағынасы ауыспалы екендігі, бұл мағына, әсіресе, орта ғасырларда қазақ тілінің ертерек кезеңдерінде активтенгені байқалады (*Сыздық Р.*). Орта ғасырда «қарындас» сөзінің үлкен тәрбиелік мәнге болғанын мына жазба ескерткіштерден аңғарамыз:

Айтты ей *қарындашлар* нетсе болар чун менім андан насибім йоқ дағы аның содан қысматы бар еді. *Ол: «Ей ағайындар, нетсе болар, өйткені менің одан нәсібім жоқ еді де, оның содан үлесі бар еді»* (Гл). Қадырғалидің «Жамиғат таурихата»: Чыңгыз ханның ұрұғында өз *қарындашлары* ішінде аға інісі уа шаһзадалар арасында Һулагу ханның асар маһабат уа сиасат уа шауқат уа даулат аның бар ерді (94, 8-10). *Шыңғыс ханның ұрпағында өз туысқандары ішінде, аға-інісі және шаһзадалар арасында Һулагу ханның айбынды істері, саясаты, құдіреттілігі, дәулеті зор еді.* Бұрұнғы өткен өзбекнің аһл-е тәжірибелері айтыб тұрұрлар елің дәуләтлі болұр уа аның нышанасы ол тұрұркім нәукәрге меһрибан болұр дәуләтінің нышанасы ол болұр *қарындашға* меһрибан болұр теді. *Бұрынғы өткен өзбектің тәжірибелі адамдары: «Еліңнің дәулетті болуының белгісі – нөкер мен туысқанға мейірімді болу», – деп айтыпты* (ТШ). (*Сейтбекова А.*)

«Қарындас» сөзі біз қарастырып отырған жыраулар мәтіндерінде де, одан кейінгі Махамбеттің жыр жолдарында қолданыс тапқан, тіпті Абайдың шығармаларында ара-тұра кездеседі. Мәселен, Асан Қайғы: Ол күнде *қарындастан* қайырым кетер – десе, Шалкиіз: Жайыңды білген *қарындас*, Ол *қарындас* һәм жолдас, Жайыңды білмеген *қарындас*, Өзі дұшпан, өзі қас, – деп толғайды. Жыр жолдарында «қарындас» сөзімен қатар «туысқан» сөзі Шалкиіз жырауда ғана кездеседі: Артқы айылдың беркі игі, Жағаға дұспан қолы тимеске, Артында *туысқанның* көбі игі, (Шалкиіз жырау. Б.ғ.ж. – 42 б.).

Толғауларда «қарындас» тірек концептінің аясындағы туыстық атауларды үш типке бөліп қарастырамыз:

- Жеке-тұлғалық қатынастағы туыстық атаулар.
- Тіркестіру арқылы қолданылған туыстық атаулар.
- Өзара параллелизмдерге құрылған туыстық атаулар.

Жеке-тұлғалық қатынастағы туыстық атаулар: *ата, баба, ана, ағайын, алғаным, бәйбіше* т.б. Берілген өлең жолдарында негізгі ұйытқы сөздер – *ата, алтау* және *жалғыз*. «Атадан алтау туған» дегендегі *алтау* сан есімі «көп ағайынды» деген мәнде *жалғыз* сөзімен антонимдік жұп құрайды. Өлең жолдарында «Атадан алтау туғанның» және «Атадан жалғыз туғанның» эпикалық формуланың және одан кейінгі екінші, бесінші тармақтардың қайталануы арқылы көп ағайынды мен жалғыздықтың айырмашылығы, үшінші, алтыншы тармақтарда салдары жырланған. Олар синтаксистік қайталаулар арқылы өзара жұп құраған. Жетінші тармақта өкініші, амалсыздығы қаратпа сөзбен жеткізілген. Яғни өлең тармақтары грамматикалық тұрғыдан үйлесімді жұп құраған.

- (1) *Атадан алтау туғанның*
- (2) *Жүрегінің бастары*
- (3) Алтын менен бу болар.
- (4) *Атадан жалғыз туғанның*
- (5) *Жүрегінің бастары*
- (6) Сары да жалқын су болар,
- (7) Жалғыздық, сені қайтейін! (Ақтамберді жырау. Б.ғ.ж. – 58 б.)

«Атадан алтау туған», «Атадан жалғыз», «Атадан тудым» тұрақты дәстүрлі лексикалық компоненттер Шалкиіз, Жиёмбет, Бұқар жырауларда да кездеседі.

Бұқар жыраудың төмендегі өлең жолдарында негізгі ұйытқы сөздер – *ата* және *арыстан* (*ұл*). Ағайынның ішіндегі туылған ұлдың біреуі ержүрек, айбынды батыр болатынын көркем образбен *арыстанға* теңейді. Ержүрек, батырлық, қаһармандық қасиетті ортағасырлық поэтика тілінде *арыстанға* теңеу – дәстүрлі метофоралық қолданыс.

Өлең жолдарының мазмұнын екі бөлікке бөлуге болады. Бірінші бөлігі ағайынның ішінде ержүрек болып туылған ұлдың артықшылығы бағаланса, екінші бөлікте ержүрек ұлдың қадірін білмеген ағайындар қиындық келгенде тозып кететіні жырланған.

<p>Атадан алтау тумас па, Атадан алтау туғанмен, Оның ішінде біреуі арыстан болмас па, Арыстанының барында Жорғасы болса мінісіп, Торқасы болса киісіп, Толғамалы қамшы алып, Толғай да толғай дәурен сүрмес пе!</p>	<p>Сөйтіп жүрген кезінде, Арыстаннан айрылса, Қанаты түптен қайрылса, Ел ішіне жау келсе, Өтініп оны ала алмай, Алдына келген жақсының Қадірін оның біле алмай, Қадір-құрмет қыла алмай, Артында қалған жамандар Бас-басына тозбас па!</p> <p>(Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 102 -103 бб.)</p>
--	--

Өлең жолдарының мазмұнына ұйытқы болған лексикалық эпифоралық қайталаулар бірінші, екінші тармақты қамтиды, екінші қатарда үшінші сөз буындық анафораға құрылған:

*Атадан алтау тумас па,  
Атадан алтау туғанмен*

➤ Өлең жолдары аралас грамматикалық формулаға құрылғанмен, бірінші бөлікте басым грамматикалық элементтер ретінде *-ін, -ын* көсемшелері, ал екінші бөлікте көсемшенің болымсыз *-й* жұрнақтары саналады. Бірінші бөліктегі өлең жолдарында *мінісіп, киісіп, алып* етістіктерінің қимыл-әрекеттерді қалыптастырып рифм туғызса, екінші бөлікте *-са, -се* жұрнақтары арқылы әрекеттердің шарттылығын білдіре келіп, оның салдарын *ала алмай, біле алмай, қыла алмай* көмекші етістіктері мен *тозбас па* сұраулық шылауы арқылы айқындап тұр. Осылайша аралас келген грамматикалық формалар өлең

жолдарына ұйытқы болған сөздердің мазмұнын ашып тұр. Өлең жолдарындағы «Атадан алтау», «Атадан тудым», «Атадан жалғыз» сияқты сөз үлгілері кейінгі ақын-жыраулардың шығармаларында тұрақты эпикалық тіркес ретінде қалыптасқан. А.Б. Лордың айтуынша, тұрақты формула эпикалық поэзияда көп қолданылатын ұғымдар жатады (*Лорд А.Б.*).

Байқағанымыздай жыраулар тілінде ұрпақ жалғастыратын, ел ұстайтын *ұл балаға* ерекше көңіл бөлгені өлең жолдарында жиі көрініс табады. Асан Қайғы өзінің назын Жәнібек ханға былайша жырлайды:

Қатын алдың қарадан,  
Айрылдың хандық жорадан,  
Ел ұстайтын ұл таппас,  
Айрылар ата мұрадан!  
Мұны неге білмейсің?! (Асан қайғы. Б.ғ.ж. – 24 б.)

Баласы жоқ қатыннан  
Лақтаған ешкі артық,  
Жалғыз туған жігіттен  
Сырым тікен тал артық,  
Жарлы болған жігіттен  
Бесіктегі бала артық (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 83 б.)

Берілген өлең жолдары есім сөзге шығыс септіктің *дан-ден, тан-тен, нан-нен* жалғанған қолданысымен ерекшеленеді. Қ. Жанабаевтың айтуынша, қазақ мәтініндегі поэтикалық мәтінде *нан-нен, дан-ден, тан-тен, дай-дей, тай-тей* және т.б. қосымшалардың дыбыстық формулалық қайталанулардың семантикасы бар, олар өлең жолдарының ырғақты және интонациялық бейнесін ұйымдастыруда үлкен рөл атқарады және түркі өлеңінің табиғатына сәйкес әрдайым өлеңнің соңында келеді (*Жанабаев Қ.*). Шығыс септігімен келетін қолданыс Бұқар жырауда қайталанатын. Дегенмен берілген өлең жолдары қайталау (редиф) тәсілімен образды салыстырмалы параллелизмге құрылған.

Ер баланың қадірлі немесе қадірсіз болуы алған *өмірлік жұбайына* байланысты екенін жыраулардың қай-қайсысында болса да кездеседі. Жыраулар тілінде *қатын, жолдасың, бәйбіше, алғаның, қосағың, бикешің, жар, зайып, сұлуың* синонимдері әртүрлі поэтикалық стильде өрнектелген. Әсіресе *қатын* сөзінің жиілігі өте жоғары. Бұқар жыраудың жыр жолдарына назар аударайық:

- (1) Жал, құйрығы қаба деп,
- (2) Жабыдан айғыр салмаңыз!
- (3) Қалың малы арзан деп,
- (4) *Жаман қатын* алмаңыз.
- (5) Жабыдан айғыр салсаңыз,
- (6) Жауға мінер ат тумас.
- (7) *Жаман қатын* алсаңыз,
- (8) Топқа кірер ұл тумас,
- (9) *Жаман қатын* алғаның –
- (10) Төркініне бере алмай... (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 90 б.)

Негізгі ұйытқы сөз – *жаман қатын*. Бұл дәстүрлі қолданыс *айғыр* сөзімен шендестіріп, салыстырып қолданылады. Салыстыру, көптеген зерттеушілер айтуынша, «тақырыпты немесе құбылысты сипаттауда нақтылаудың керемет тәсілі. Көптеген ұғымдар оқырманның (тыңдаушының) қабылдауында дәл салыстырудың арқасында нақтыланады (*Адамбаев Б.*) Сондықтан *айғырды* адамның қасиетін ашу үшін бірінші, екінші, содан кейін оның салдарын көрсететін бесінші, алтыншы тармақта айтылады. Өлең тармақтары *деп* етістігінің ұйытқылығымен жасалып отыр. Өсиет мәніндегі айтылғандықтан, екінші тармақтары сыпайы түрдегі бұйрық райдың *ңыз, ңіз* грамматикалық қосымшалармен араласып отырады. Сонымен қатар өлең жолдарының



бірінші, екінші, бесінші, алтыншы тармағы буындық (жа) анафораға, төртінші, жетінші, тоғызыншы тармақтар синтаксистік анафораға құрылған.

*Бәйбіше* сөзі қолданылған жыр жолдарына назар аударайық:

Су тілесе бал беріп,  
Сыртты екен *бәйбіше*,  
Қалдияғы жұртына  
Өрнекті екен *бәйбіше*,  
Зәуре менен Батпадай

Екпетті екен *бәйбіше* (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 87 б.)

Жыр жолдарында *бәйбіше* сөзі алдыңғы сөзбен тіркесіп, қайталау (редиф) арқылы ұйқас қана құрап тұрған жоқ, *сыртты бәйбіше*, *екпетті бәйбіше*, *өрнекті бәйбіше* деген түрлері діни-мифологиялық кейіпкерлерімен салыстыра келе, бәйбішенің жағымды образдары жасалып тұр. Жыр жолдарында қайталанатын сөздер туралы әртүрлі пікірлер бар. Кейбір ғалымдар тармақ соңында қайталанатын лексикалық бірліктердың жыршыға өлең жолдарын оңай әрі тез құрауға үшін қажет екендігін айтса (*Пэрри М.*), ал бір ғалымдар соңғы тармақтағы сөздердің байланысын нығайту үшін қолданылады (*Адамбаев Б.*) дейді.

Тіркестіріп қолданылған туыстық атаулар: *ата менен ана*, *жетім мен жесір*, *інің менен ұлыңдай* т.б. Жыр жолдарында *ата-ана* образы көшпенділер үшін қасиетті атау болғаны Ақтамберді жыраудың өсиет мәнінде жырланған «Ей, азаматтар, шоралар» өлеңінің үзіндісінде ерекше байқалады. Өлең жолдары 16 тармақтан тұрғанмен, тек соңғы 5 тармағында ойдың негізгі көркемдік мазмұны айтылады. Ұйытқы сөздер – *ата-ана* және *Мекке*. Жырау «Ата-анаңды Меккеге қанша арқалап барсаң да, ақ сүтінді ақтай алмайсың, одан да оларды шын пейілмен сыйласаң, сол имандылықтың нағыз өзі» дегенді жеткізеді.

Меккені іздеп нетесің,  
Меккеге қашан жетесің,  
Әзір Мекке алдында,  
Пейіліңмен сыйласаң,

*Атаң менен анаңды!* (Ақтамберді жырау. Б.ғ.ж. – 65 б.)

Тіркестіріп қолданылған туыстық атаулардың келесі түрі – *жетім мен жесір*. Көшпенді қазақтар *жетім мен жесірді* қор қылмай, жұрт ішінде аман сақтап қалуды міндет еткен. Ақтамберді жырау мал-басы өскен адамның қандай болатынын тілге тиек ете отырып, жетім мен жесірге де ор қазып, артынан жасаған қылығы үшін қор болатынын жырлайды.

*Жетім менен жесірге*  
Қазары ылғи ор болар,  
Онымен жолы болмайды,

Біреуден қайтып қор болар (Ақтамберді жырау. Б.ғ.ж. – 66 б.)

*Жетім менен жесір* тұрақты қолданыс ретінде Бұқар жырауда Абылай ханға айтқан арнауында кездеседі:

*Жетім менен жесірге*  
Ешбір жаман қылмадың.  
Әділетпен жүрдіңіз,

Әдепті іске кірдіңіз (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 98 б.)

Өзара параллелизмдерге құрылған туыстық атаулар: *ағайын мен абысын*, *ата мен ана*, *ақсақал мен бәйбіше*, *әке мен бала*, *бәйбіше мен келіншек*, *ұл мен келін*, *ұл мен қатын*, *әкесіз бала мен әкелі бала*, *ұл мен қыз*, *қыз бен ер* т.б. Жырларда параллелизмге құрылған туыстық атауларды өзара салыстыру, шендестіру тілдік құралдары арқылы жақсы мен жаманды ажыратуды, дұрыс таңдау жасауды өсиет етеді. Параллелизмге құрылған лексикалық бірліктер көбіне Бұқар жырау толғауларында көп кездеседі. Талдап көрейік:

Жыраулар тілінде туысқандық қатынаста ел бірлігін сақтауда *ағайын мен абысынның* орны ерекше болғаны аңғарылады. Осыған орай туыстық қатынасты

жақындастыратын да, араздастыратын да – *ағайын мен абысын* екенін жыр жолдарына тиек еткен. Өлең жолдары «аразы», «кетірет» жұптық лексикалық эпифораларды кезектестіру арқылы ұйқасқан.

Жақын жерден шөп жесе,  
Жердің сәнін кетірет.

*Ағайынның* аразы

Елдің сәнін кетірет.

*Абысынның* аразы

Ауыл сәнін кетірет (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 92 б.).

Параллелизмдерге құрылған туыстық атаулар Бұқар жырауда «Биік тауға жарасар» толғауында әрбір туыстың (ақсақал, бәйбіше, келіншек, ер жігіт, қыз бала) табиғатына сәйкес атқарар қызметтерін айқындап көрсетеді. Жыр жолдарында «Бұл жалғанда бір жаман» уақыттың эпитеттік сипаттамасына сәйкес негізгі семантикалық жүкті *ағайынның аласы* тіркесі алып отыр. Берілген өлең жолдары «*жарасар*» жұптық лексикалық эпифора және грамматикалық эпифора «*сы*» тәуелдік жұрнағы (айласы, сабасы) арқылы ұйқасқан.

Биік тауға жарасар Біғынан тиген панасы, Терең сайға жарасар Тобылғылы саласы, Ер жігітке жарасар Қолына алған найзасы, Би жігітке жарасар Халқына тиген пайдасы, Ақсақалға жарасар Тілеуқорлық айласы,	Бәйбішеге жарасар Еміздіктеген сабасы, Келіншекке жарасар Емшектегі баласы. Қыз он беске келгенде Шашынан көп жаласы. Бұл жалғанда бір жаман - Ағайынның аласы (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 89 б.)
--	---

Келесі *әкелі бала* мен *әкесіз баланың* ерекшелігін жырлаған өлең жолдарының мазмұны бинарлы композицияға құрылған. Жырау *әкесіз баланы сұм жүрекке*, *әкелі баланы жау жүрекке* балайды. Негізгі ұйытқы сөз – *бала*. *Жүрек* сөзінің қайталануы арқылы анафора жасалып тұр.

<i>Әкесіз бала</i> сұм жүрек. Жиын болса бара алмас. Барғанмен орын ала алмас, Екі көзі жаудырап, Тұлымшағы салбырап, Күнінде соның не болғанын білмеймін, Шайнағаным күман-ды,	<i>Әкелі бала</i> жау жүрек, Жиын болса барады, Барса орын алады, Бітірет сенің дауыңды, Қайтарар сенің жауыңды, Күнінде тастан өтер жебесі! (Бұқар жырау. Б.ғ.ж. – 85 б.)
---	--

Өлеңнің бірінші бөлігінде *әкесіз баланың* мазмұнын *бара алмас, ала алмас, жаудырып, салбырап* етістіктері атқарып тұрса, өлеңнің екінші бөлігінде *әкелі баланың* мазмұнын *барады, алады, бітірет, қайтарар* етістіктері толық ашып тұр. *Сұм жүрек, жау жүрек* дәстүрлі эпитеттік формула ретінде қазіргі тілімізде де қолданыс тапқан.

Жыраулардың ер азаматтарға қарата айтылған ұлдары мен жұбайларының жақсылы-жаманды әрекеттерін айрықшалап жыр жолдарына қосып отырған. Берілген өлең жолдарында тақырып *ұл* мен *қатынға* арналады:

Үй сыртында арқа тау, Панасы жоқ болса, Бұл шіркіннің несі тау?! Кетеген болса түйең жау,	Үйіндегі <i>ұлың</i> жаман болса, Есіктегі құлмен тең. Қойынындағы <i>қатының</i> жаман болса, Қаңтардағы мұзбен тең.
--	--

Тебеген болса биен жау,  
Ұрысқақ болса ұлың жау,  
Керіскек болса келінің жау.

Кей сорлының қатыны  
Күндіз ауру, түнде сау, -  
Арқаңа артқан тұзбен тең!

Өлең жолдарының бірінші бөлігінде *тау* мен *жау* сөздері қайталануы (редиф) арқылы өзара үйлесіп, өлеңнің соңғы тармақтарында негізгі ойды беріп тұр. Екінші бөлігі *болса, тең* жұптық лексикалық эпифораларды кезектестіру арқылы ұйқасқан. Соңғы тармақтары алдыңғы формулаға сәйкес құрылып, қорытынды ойды аяқтап тұр.

Зерттеу қорытындысы мен тұжырымы. Қорыта келгенде, туыстық атауларға қатысты жыраулардың ой толғамдары бірден басталмайды, әуелі бір құбылысты екінші құбылыспен салыстыра немесе шендестіре отырып жырлайды. Одан кейін сол дәуірге тән параллельдер құрайды немесе белгілі бір сөзге логикалық екпін түсіреді. Туыстар арасындағы ынтымақты сақтауға қатысты небір бейнелі сөз орамдарын келтіре отырып, сол арқылы Ел болуға үндеп отырғаны жыраулардың жыр жолдары айғақ. Жыраулар тіліндегі туыстық атауларды «қарындас» тірек концептінің аясындағы туыстық атауларды үш типке бөліп қарастырамызды жоғарыда көрсеттік. Осы бойынша мынадай ғылыми тұжырымдарға келдік:

➤ жыр жолдарында туыстық атаулардың ішінде ең жиі кездесетін ұйытқы лексикалық бірліктер ретінде *ата, ұл, бала, қыз, ана, ағайын, қатын, алғаным* сөздері жатады;

➤ туыстық атаулардың көпшілігі өзара параллелизмдерге құрылған, бұндай қолданыстар Бұқар жырауда молынан кездеседі. Бұндай параллелизмдерге құрылған салыстырулар ұйытқы сөздің бейнесін аша түсу үшін пайдаланылған;

➤ туыстық атауларды қайталау тәсілі арқылы жасалған ауызша тілдің стильдік техникасы би-шешендердің жырларында, тіпті кейінгі ақындардың сөз саптауында *поэтикалық тұрақты эпикалық формула* ретінде дәстүрлі түрде жалғасып жатқаны анықталды: *атадан жалғыз, атадан тудым, қара қатын, жаман қатын, сұм жүрек, жау жүрек*;

➤ туыстық атаулардың бірқатары поэтикалық көркем стильдің формуласын түзетін дыбыстық, буындық, лексикалық анафораға, эпифораға, редифке құрылған;

➤ туыстық атаулар өзге лексикалық топтар сияқты көркемдеуіш құралдар ретінде көп кездеспейді, бірен-саран сөздер ғана жануарлар мен төрт түлік атаулармен, табиғат құбылыстарымен параллелизм құрайды және *ұл – арыстанға, жаман ұл – құлға, жаман қатын – айғырға, мұзға, тұзға, бала – ешкіге* теңеледі;

➤ туыстық лексиканың ішінде тармақ соңында ерекше логикалық әрі семантикалық екпін түскен тек *бәйбіше, жолдас (жұбайы)* мағынасында) сөздері;

➤ жырлардағы туыстық қатынасты жырлауда грамматикалық қайтаулардың *дан-ден, тан-тен, нан-нен, ар-ер-р, са-се* дәстүрлі түрде сақталып отырған.

Аталмыш мақала «XV-XVIII ғасырлардағы жырау поэзиясының көркемдік-анықтама жүйесі, «формульдық стилистика» және «формульдық грамматиканың» кешенді аналитикалық зерттеуі. Жилік сөздігі» гранттық жобаның ғылыми-зерттеу гранттық жобаның негізінде әзірленген.

#### Әдебиеттер мен деректер:

1 Fox Robin, Kinship and Marriage. Cambridge: Cambridge University Press [Penguin Books Ltd], 1967

2 Laurent Dousset, Understanding Human Relations (Kinship Systems). N. Thieberger. The Oxford Handbook of Linguistic Fieldwork, Oxford University Press, pp.209-234, 2011.

3 Lord A. B. The Singer of tales. Cambridge, 1960; Perspectives on recent work on the oral traditional formula // Oral Tradition. 1986. N 3.

4 Morgan L. H. Systems of Consanguinity and Affinity of the Human Family. Washington: Smithsonian Institution, 1871. - 590 p.

5 Parry M. Studies in the Epic Technique of the Oral Verse Making. II. The Homeric language and the Language of Oral Poetry. - Harvard Studies in Classical Philology, 1932

6 Tonkinson Robert. The Mardu Aborigines: Living the Dream in Australia's Desert. New York: Holt, Rinehart & Winston, Case Studies in cultural Anthropology, 1978

7 Адамбаев Б. Казахское народное ораторское искусство. – Алматы: Ана тілі, 1997. – С. 68.

8 Бектуров Ж. Художественно-композиционные особенности поэзии жырау и акынов / Дис на соискание ученой степени канд, фил. наук. Алматы, с 9.

9 *Бес жасыр жырлайды, XV жасырдан XX жасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын жырауларының шығармалары.* – Алматы: Жазушы, 1984. – Т.1. – 256 б.

10 Вахитова Т., Лексические лакуны как фрагмент национальной языковой картины мира (на материале казахского и русского языков) Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Уфа, 2018.

11 Жанабаев Қ., Тюркский миф в эпосе, обряде и ритуале. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. С 128.

12 Өмірәлиев Қ. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 269 б.

13 Сарыбаева М. Система обозначения родства в английском, русском и казахском языках: автореф. дис. ...канд. филол. наук. Алма-Ата, 1991. 31 с.

14 *Сейтбекова А, Араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі (XII-XVII ғғ. жазба ескерткіштер негізінде).* – Алматы: мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 452 б.

15 Стеблева И. Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии. – Москва: Наука, 1993. С 193.

16 Сулейменова Э., Шаймерденова Н. Словарь социолингвистических терминов. Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 130 с.

17 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320.

**Оразов Р.Е.**

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері*

## **САРАТОВ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОҚЫҒАН ҚАЗАҚТАР**

XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясы сан жағынан көп болған жоқ. Қазақстанда бірлі-жарым орта білімді мұғалімдер даярлайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындары болған емес. Түрлі мекемелерде, әкімшілік орындарда қызмет жасаған қазақ мамандары негізінен Ресей оқу орындарында білім алды. Патша үкіметі қазақ халқының жалпы мәдени деңгейінің өсуіне мүдделі болған жоқ, керісінше қараңғылықта ұстау оған пайдалырақ болды. Ал XIX ғасырдың соңғы ширегінен бастап қазақ даласында азын-аулақ ашыла бастаған орыс-қазақ мектептері мен гимназиялары жергілікті жұртты «Мұхаммед дінін уағыздаушы молдалардың зиянды ықпалынан» сақтау үшін және сонымен бірге «далада орыс ықпалын» жүргізу үшін керек еді.

Сонымен бірге отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына да бөлуге мәжбүр болған. Мұндай шараға ол жыл өткен сайын өсе түскен басқару жүйесінің ұлттық кадрларға мұқтажын қанағаттандыру үшін барды. Осы мақсатта генерал-губернаторлықтар кеңсесі жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы белгіленген қаржыға сүйеніп, қазақ жастары Москва, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Киев сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды.